

ОТЫРАР кітапханасы

Ақпараттық библиографиялық

қамтамасыз ету бөлімі



Отбасылық оқу - ұрпақтар руханиятының байланысы

/ұсыныстық көмекші құрал/



**«Отбасылық оқу - ұрпақтар руханиятының байланысы»
[ұсыныстық көмекші құрал] Отырар аудандық
орталықтандырылған «Отырар» кітапхана жүйесі; құрастырған:
Р.Мақтабекова.**

АЛҒЫ СӨЗ

Кітап оқитын қоғам қашанда бәсекеге қабілетті болары хақ. Қоғам мүшелерінің рухани құндылығы мен адами құндылығын мол етіп тәрбиелеу жолдарының бірі және бірегейі – кітап оқуға әуестендіру. Ал, отбасында баланың кітапқа деген сүйіспеншілігін тудыру әрбір ата-ананың міндеті, һәм борышы.

Отбасылық оқу тақырыбы қазір өте танымал. Өйткені, баланың кітаппен алғашқы кездесуі отбасында өтеді, бұл - адамның рухани мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Отбасылық кітап оқу арқылы отбасындағы адамдардың бір-біріне деген мейірімі, құрметі артады, бір-бірлеріне өз ойларын еркін жеткізе отырып білімдерін шыңдай түсетіні анық. Осы орайда көпшілік назарына **«Отбасылық оқу - ұрпақтар руханиятының байланысы»** атты көмекші құралды ұсынып отырмыз.

Отбасылық оқу - ұрпақтар руханиятының байланысы

/отбасылық сайыстың жүргізілу реті/

Жүргізуші: Армысыздар құрметті қонақтар, оқырмандар! Бүгінгі байқауға қош келдіңіздер!
Баланың басты ұстазы – ата-ана! Қазақ халқында «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген аталы сөз бар. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Әке - отбасы тірегі, қамқоршысы болса, ана – отбасының берекесі!

«Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» дегендей, бүгінгі байқауымыз да отбасы құндылығын және көп оқитын отбасын дәріптеу, ұлт әдебиетінің озық үлгілерін насихаттау мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Олай болса, байқауды бастауға рұқсат етіңіздер.

/қонақтар мен оқырмандар қол соғып, қошеметтеп отырады/

Жүргізуші: Отбасынан өнегелі тәлім алған,
Өнерлері талай елді таң қалдырған.
Жыр жырлап, ән салып, би билейді,
Кітапты да оқиды отбасымен – деп, ортаға үкілі үміттерін арқалап келген отбасыларды шақырамыз:

- 1.-----
- 2.-----
- 3.-----
- 4.-----
- 5.-----

/үміткер отбасылар ортаға шығады/

Жүргізуші: Отбасылық байқауымызды бастамас бұрын сайыскерлеріміздің өнерін бағалап, сараптап беретін сарапшылар алқасымен таныстырып өтейін:

- 1.-----
- 2.-----
- 3.-----

Жүргізуші: Ал енді сайысқа қатысушыларды сайыс шарттарымен таныстырып өтейін:

1. «Ата-анам және мен – нұрлы да ізгі әлем» (өз-өздерін таныстыру, 3 минут)
2. «Кітап парағындағы кереметтер» (оқыған кітаптарынан мейірім мен ізгілік тақырыптары бойынша шағын көріністер, 5 минут)
3. «Менің өнерлі отбасым» (өз өнерлерін көрсету)
4. «Мен оқыған қызық кітап» (оқыған кітабы жайлы әңгімелеп беру)

(сайысқа қатысушылар орындарына жайғасады)

Жүргізуші: Таңдаған реттік нөмірмен, шақырайық ортаға.
Олай болса кезекпен, таныстырсын өздерін.

(сайыскерлер кезекпен ортаға шығып, өздерін таныстырады)

Жүргізуші: Сауатымды ашатын, кітап – білім бұлағы.
Нұрын бізге шашатын, ол – өмірдің шырағы!

Байқаудың келесі «**Біз оқыған кітаптар сәулесі**» кезеңі бойынша шағын көрініс көрсетуі керек. Ендеше, қымбатты сайыскерлер ортаға шықсаңыздар!

(кітаптан мейірімділік, ізгілік тақырыптары бойынша көрініс көрсетіледі)

Жүргізуші: Рақмет сіздерге!

Жұмбақты шешіп көрсек қиынынан
Бірінші топты жарып шығады кім?
Отбасылар кітапты оқиды екен,
Жауабын тезірек кім табады екен? – дей келе сұрақ-жауап кезеңіне де келіп жеттік.

(сайыскерлер сұрақтарға жауап береді)

Жүргізуші: Бүгінгі сайыскерлер бәйге алуға
Тамсандырып әдемі ән салыпты.
Бар өнерін ортаға паш ететін
Қарсы алайық үміткер отбасыны!

(отбасылық өнерін тамашалайды)

Жүргізуші: Қымбатты қонақтар, қымбатты оқырмандар, сарапшылар сайыстың қорытындысын шығарғанша бір әсем ән тыңдасақ.

(ән орындалады)

Жүргізуші: Ал енді сайыс болған соң, әрине арасында жеңімпазы болады. Жеңімпаз отбасыны марапаттау үшін сөз кезегін сарапшылар төрағасы -----берейін.

(жеңімпаздар марапатталады)

Жүргізуші: Бүгінгі отбасылық оқу және отбасы құндылығын дәріптеу, насихаттау, оқымайтын отбасыларлы кітап оқуға тарту мақсатында ұйымдастырған сайысымыз да өз мәресіне жетті.

Болашақ – жас ұрпақтың қолында десек, олардың сауатты, салт-дәстүрді түсіне білетін, елжанды азамат болып қалыптасуы үшін жастайынан кітап оқуға баулу – әрбір ата-ананың парызы. Ендеше, балаларымыздың рухани бай болып қалыптасуына сіздер мен біздер әрдайым жауапты екенімізді сезіне білейік.

Бүгінгі сайыста қатарластарынан оза шауып жеңімпаз атанған отбасыны құттықтап, барлық қатысушыларға алғыс білдіреміз!
Көріскенше күн жақсы болсын!

«Бәріміз бірге оқимыз»

/үздік оқырманмен сұхбат/

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме! Құрметті оқырман қауым!

Отбасы - осы сөздің түбінде терең мағына жатыр. Отбасы деген қасиетті ұғым. Отбасы әр адамның өміріне бастама болып табылады. Отбасын – кішігірім Отанға теңейміз. Отанның өзі отбасынан басталады дейміз. Ал отбасылық бақыт болса – ол бақыттың шыңында тұратын белгі. Бақытқа толы болған отбасы әрқашанда қоғамда ерекшелініп, өзгелері үлгі тұтатындай санатқа жетеді. Ерекшелігі деп ол отбасылардың татулығын, айналаға деген сансыз махаббаттарың, барша

адамға деген риясыз сыйластығың, қоғамға тигізген қажырлы үлесін айта аламыз. Олай болса, бүгінгі күнде, бүкіл еліміз бойынша аталып өтіп жатқан «Отбасы күніне» орай, үздік оқырман - Бақытжан ағамыздың отбасына сұқбат алуға келіп отырмыз. Бақытжан ағаның ғұмыры білім

саласымен біте қайнасып кеткен.

Қолы қалт етсе кітапқа үңілетін ағамыз бүгінде білім саласының Құрметті азаматы. Бастысы - отбасының асқар тауы. Осы шаңырақтың от анасы Жанат апайымыз екеуі ұл - қыз тәрбиелеп, немере сүйіп отырған өнегелі отбасының бірі.

Ал енді Бақытжан аға, жалпы көрермен қауымға отбасыңыз туралы айтып өтсеңіз, отбасында бала тәрбиесінде қандай қағидаларды ұстанасыз?

-Сіздің ойыңызша кітап оқудың отбасылық тәрбиеде алар орны қандай?

(Кейіпкер сұрақтар бойынша өз ойын білдіреді)

Жүргізуші: Бақытжан аға, сіз кітапханамыздың белсенді, тұрақты оқырманысыз. Кітапты қай жасыңыздан бастап оқыдыңыз, қанша кітап оқыдыңыз, оқыған кітаптарыңыздың өміріңізге әсер еткен кездері болды ма, және кейінгі жастарға кітап оқу туралы және оның пайдасы туралы айтып өтсеңіз. Сонымен қатар, «көп оқысаң көңілде шам жанады» дегенді қалай түсіндіресіз?

(Сұрақтарға жауап береді)

Кейіпкеріміз тақырып аясында әңгіме өрбіте келе, сұрақтарға жауап бере отырып: -Оқыған кітаптарымның ішінен өзіме ұнаған, тіпті кейде қайталап оқитын кітаптарым бар. Олар менің ең жақын достарым деуге де болады. Жауап таба алмай, ой сенделгенде көмекке келеді. Жанымды тереңдетеді, санама сабыр береді. Издегенімді тауып олжалы етеді – деп, өз ойын түйіндеді.

Жүргізуші: Жанат апай, атақты қазақ ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде: Отбасы – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер, дегені бар. Жұмысбасты азаматтың жеткен шыңына жарының қолдауы зор, маңызды деп білеміз. Осы тұста өзіңізді тыңдасақ.

(Отанасы өз ойын айтып өтеді)

Жүргізуші: Ой-пікіріңізді бөліскеніңізге рақмет. Ал, енді бірер сұраққа жауап берсеңіз: - Өзіңіз оқыған әр кітапты отбасыңызға әңгімелеп бересіз бе? Үй кітапханасындағы кітаптардың қайсысын балаларыңызбен бірге оқыдыңыз? Сондай-ақ, жастарды ұлттық құндылықтарымызды бағалауға тәрбиелеу — бүгінгі таңның өзекті мәселесі. Осы тұрғыда не айтар едіңіз?

(Сұрақ бойынша өз ойын айтып өтеді)

Жүргізуші: Бала тәрбиесінің алғашқы және маңызды қадамы, адамның тұлғалық қасиеттері, адамгершілігі отбасында қалыптасады. Сондықтан отбасының жылуы адамның жанында ұзақ жылдар бойы сақталып, есінде мәңгі қалады.

Бірде қарт Құнанбай баласы Абайды шақырып: "Балам, сен әкеңе жете туғансың ба, өте туғансың ба?" деп сұрайды. Сонда Абай: "Әке, мен өте туғанмын, өйткені мен ақын болдым" деген екен. Аз ғана ойланғандана Құнанбай: "Жоқ, сен маған жете тудың. Өте туу үшін Абай секілді балатәрбиелеуің керек" деген екен.

Ендеше, «Отбасының жемісі – тәрбиелі ұл мен қызы» деген, мақтан етерұрпағымыз көбейсін. Ұрпағына мақтаныш болар қазыналы қарттарымыз көп болғай. Қазақтың әр отбасының керегесі кең, шаңырағы берік, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Бақытжан ағай, Жанат апай сіздерге үлкен рақмет!

Оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруда жеке отбасымен жұмыс жасау

- Отбасын таңдау, анықтау;
- Отбасы мүшелерімен жарқын сәлемдесу, жақын танысу;
- Кітапханадан тыс қызмет көрсету жұмысының маңызы туралы әңгімелесу;
- «Отбасылық кітап оқудың пайдасы» туралы пікірлесу;
- Отбасымен бірге жоспар құру.

Мекен-жайымыз:

Отырар ауданы

Шәуілдір ауылы

Н.Оңдасынов көшесі, 2

Эл. Пошта: Otrar_kitap@mail.ru